

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(12) қазан-желтоқсан 2017
ISSN 2710-3994



EDU.E-HISTORY.KZ
**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ
журнал**

2017, № 4(12)

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2017, № 4(12)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

2017, № 4(12)

Құрылтайшы:

Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Басредактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбаев, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комекоев,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,

г. Алматы,

ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of
Kazakhstan

Editor-in-chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and
Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, r
egistration certificate:

No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic
format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the
journal.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ЛАТЫНДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХЫ

Абдраханов Д.М.

«Ғылым ордасы» РМК, Сирек кездесетін кітаптар музейі (Алматы қ-сы, Қазақстан)
кіші ғылыми қызметкері

Аңдатпа. Берілген ғылыми-танымдық мақалада қазақ жазуы мен КСРО-да тұратын түркі тілдес және 1920-1950 жж. дейін өзіндік жазу жүйесі болмаған аз ұлттардың жазу мәдениеті тарихына шолу жасалады. Латындастыру үдерісі ХХ ғасырдың 1910-1950 жж. жаһандық сипатқа ие болып, КСРО аумағында тілтанушы, әдебиетші ғалымдардың әрі қоғам мен саясат қайраткерлерінің тарапынан ерекше сын мен талқылауға түсті. Аталмыш мақалада сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік оқиғаларды, қоғамдық пікірді ескере отырып, зиялылардың атқарған қызметтері мен жұмысының нәтижелеріне баға беріледі. Материалдар «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейінде ұйымдастырылған «Латындастыру мәселесінің тарихы» атты көрмесіне негіз болды.

Түйін сөздер: Латындастыру, қазақ жазуы, түркология, қазақ зиялылары, жазу тарихы.

ИСТОРИЯ ВОПРОСА ЛАТИНИЗАЦИИ

Абдраханов Д.М.

РГП "Ғылым ордасы", музей редких книг (г. Алматы, Казахстан)
Младший научный сотрудник

Аннотация. В данной научно-познавательной статье ведется исторический дискурс казахской письменности и письменной культуры тюркских народов проживавших в составе СССР, а также малых народов, которые не имели собственной системы письма до 1920-1950 гг. Процесс латинизации имел глобальный характер в 1910-1950 гг. ХХ века и стал темой для критики и дискуссий среди ведущих языковедов, литераторов, общественных и политических деятелей СССР. В этой статье дается оценка политическим и социальным событиям того времени, а также результатам деятельности в данном направлении и работе интеллигенции. Материалы легли в основу выставки «История вопроса латинизации», организованного в Музее редких книг РГП «Ғылым Ордасы».

Ключевые слова: Латинизация, казахская письменность, тюркология, казахская интеллигенция, история письменности.

THE HISTORY OF LATINIZATION

Abdrakhanov D.M.

RSE "Gylym Ordasy", Museum of Rare Books (Almaty, Kazakhstan) Junior research assistant

Abstract. In this scientific-informative article have a historical discourse for the Kazakh script and written culture of the Turkic peoples, who resided in the USSR, as well as of small ethnics that did not have their own system of writing until 1920-1950. The process of latinization had a global character in

1910-1950 of XX'th century and became a topic for criticism and discussion among leading linguists, writers, public and political persons of the USSR. This article assesses the political and social events of that time, as well as the results of activities in this area and the work of the intellectuals. The materials formed the basis of the exhibition «The History of the Latinization», which organized in the Museum of Rare Books of the RSE «Gylym Ordasy».

Keywords: Latinization, Kazakh script, Turkology, Kazakh intellectuals, History of writing

Кіріспе

Тіл – әрбір ұлттың тұрақтануы мен рухани мәдениетінің басты факторы болып табылады. Тіл ұлттың тарихын, тұрмыс-тіршілігін, мемлекеттің тұтастығын, әдет-ғұрыпын айқындап қана қоймай әрі қарай дамуының бағдары. Осыған орай тарихымыздың әрбір кезеңіндегі мемлекетіміздегі халықтардың мәдени және тілдік өмірінің жай-күйін зерттеу үлкен маңызға ие.

Қазіргі таңдағы қазақ қоғамындағы өзекті мәселелердің бірі – қазақ тілі мен әліпбиі мәселесі. Қазақ жазуын латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшіру тіл мәселесінің өзектілігін одан сайын арттыруда. Елбасы Н. Назарбаев ««Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын әріпіне, әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс өзекті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп қазақ тілінің латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесіне көшірудің басты мақсатын атап өткен еді [1].

Заман талабына сай, жаңа технологиялар мен инновациялар дәуірі әрдайым тұрақтанған мемлекет жүйесіне қандай да бір өзгерістер енгізілуін талап етуі орынды деп санауымыз абзал. Бұл замануи жобаны XXI ғасыр талабы және жаңа технологиялар мен коммуникацияның, ғылыми және де білім беру үдерістерімен тығыз байланысты жоба ретінде қабылдауымыз керек. Қазақ тілін латындастыру жаңа сапаға жеткізер символикалық бетбұрыс деп есептеуге де келеді. Себебі латындастыру батыс әлемімен де, түркі әлемімен де тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Болашақта латындастыру мәселесін оңды жемісін көру үшін латындастыру тарихына жүгіну орынды болар.

Латындастыру мәселесі тарихына тоқталар болсақ, 1926 жылы Әзірбайжан астанасы Баку қаласында болып өткен « I-ші Бүкілодақтық Түркология съезі» нәтижесінде КСРО құрамындағы түркі тектес халықтардың әліпбилерін латын графикасы негізіндегі біркелкі әліпбимен алмастыру туралы қаулы қабылданды.

Қазіргі кездегі латындастыру мәселелері мен кеңес дәуіріндегі латындастыру мәселелерін салыстыра келер болсақ, сол кездегі өзекті мәселелермен мен қазіргі кездегі өзекті мәселелердің ұқсастығын байқауға болады:

1. Мысалға, 1920 жылдардағы латындастыру мәселесі Кеңестер Одағы халықтарының тұтастығын сақтау мақсатында жасалған жоба. Көп ұлтты Кеңестер Одағы халықтарының тілдері өзінің көпқырлылығымен және әліпбилерінің бір-бірінен айқын өзгешеліктерімен ерекшеленді. Ұлттардың көпшілігі әртүрлі жазу үлгісін қолданды. Бұл жағдайлар латындастыру мәселесін бастапқы мәселелер қатарына қосумен қатар бұл істің қиындығын да айқындап берді. Бұған дәйек ретінде В.В. Базарова өзінің «Латинизация бурят-монгольской письменности в 1920-1930 годах» атты Улан-Удэ қаласында басылып шыққан еңбегінде “Сложность данного процесса в СССР заключалась в исключительной пестроте и мозаичности языкового пространства, унаследованного российским, а затем и советским государством. В этих условиях новая власть стремилась к созданию единой, унифицированной письменности, которая выполнила бы «роль

фундамента, цементирующего первоосновы общества нового типа» деп атап өтті [2, 53-бет].

Тәуелсіз қазақ мемлекеті де көп ұлтты мемлекет ретінде алдағы мысалға негіз бола алады. Қазақ жерінде өмір сүретін көптеген ұлттарды жаңа әліпби арқылы біріктіріп, мемлекеттік тілімізге назар аудартуына мүмкіндік береді. Латындастыру ұзақ уақыттан бері мемлекетіміздің басты проблемаларының біріне арналған, қазақ тілінің беделін арттырып тұрақтандыруға себеп болуы ықтимал.

2. КСРО үкіметінің басшылары латындастыруды интернационалды әліпби әрі осыған дейін жазу мәдениеті, жазба әдебиеті жоқ ұсақ ұлттардың құқығын көтермелеу мен олардың өз жазуын қалыптастыру мүмкіндігін беру ретінде қарастырған болатын. Бұл негізде орыс тілін де латын графикасы негізіндегі әліпбиге алмастыруды ұсынған адамдар аз болған жоқ, соның бірі латындастыру мәселесіне жете атсалысып, КСРО аумағындағы латындастыру кампаниясын бастаушы әрі КСРО халық комиссарларының бірі А.В. Луначарский болатын. Бірақ бұл ой түрлі саяси себептердің кесірінен жүзеге асырылмай қалды.

Қазақ тілін латындастыру мәселесін бұл тұста да интернационалды жоба ретінде қарастыруға болады. Бірақ, бұл жобаны қазақ әліпбиін жеке әліпби ретінде емес, интернационалды әліпбилер қатарына жақындауымен түсіндірген дұрыс болар. Себебі латындастыру жаһандық ақпараттар әлеміне, технологиялық дамуға жол ашады. Басқа да елдермен тығыз қарым-қатынас орнатып, қазақ тілін жаңа қырынан көрсетуге, тұрақтандыруға, жаһандану үдерісіне тікелей қатыса отырып, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуінде жеңілдік танытуға көмектеседі.

3. Ғ. Ноғайбек, Л.В. Щерба, С. Ағамалыоғлы сынды қайраткерлер әрі тілтанушы, түрколог-ғалымдар КСРО-да тұратын араб графикасы негізіндегі мұсылман халықтардың әліпбилерін латындастыру бойынша белсенді жұмыстар атқарды [3,18-бет]. КСРО құрамындағы мұсылман халықтардың әліпбиін ауыстыру қосалқы мақсаттарды қамтыды. Ол мақсаттар – латындастыру арқылы ислам дінінің таралуының негізі болып табылатын әріб әліпбиінен алшақтау, халықтарды араб мәдениеті ықпалынан босатып КСРО құрамындағы басқа ұлттармен жақындастыру болып табылды.

Ал бұл тұжырымға жаңаша көзқараспен қарауымыз қажет. Қазақ халқының әдет-ғұрып мәдениеті, мұсылман әлемімен және ислам дінімен тығыз байланысты. Сол секілді әдет-ғұрып ислам мәдениетінен нәр алған басқа да көршілес мемлекеттердің әліпбиінің латындастырылуы ол елдерді сіңіп кеткен ислам мәдениетінен алшақтатты деуге келмес. Мысалға, сол өзбек, әзірбайжан, түрік мемлекеттері ислам ықпалынан арыла қойған жоқ. Керісінше, латындастыру Батыс пен Шығыс әлемін жақындастырып бір-біріне жаңа көзқараспен қарауына жол ашты.

ҚазКСР-ғы латындастыру үдерісі ерекше қарқынмен 1927 жылдан бастау алды. Бұл жаңа бастамалар қазақ халқының әліпбиіне де тікелей қатысты болды. Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалаған қазақтың төл жазуы «төте жазу емлесі» немесе араб графикасы негізіндегі қазақ әліпбиін шеттетіп, латындастыру үдерісі басталып кетті. Латын әліпбиіне көшу бастамасы қазақ жерінде зиялы қауым және Мәскеу, Орынбор, Ташкент және де басқа ірі қалаларда білім алып жүрген азаматтар тарапынан талқылана бастады. Бұл мәселенің көтерілуінің негізгі себебі, сол кезде Кеңес Одағының жүргізіп отырған саясатына орай, КСРО құрамындағы барлық түркі халықтарының латын жазуына өтуі және өркениетті Еуропа елдерінің латын жазуын қолдануы себепші болды.

1927 жылы Қызылорда қаласында «Жаңа әліпбишілер қозғалысы» (ЖӘҚ) құрылды. Сол жылдың жазында Жалпыодақтық жаңа түркі әліпбиі Орталық Комитетінің төрағасы Ағамалыоғлы Қазақстанға келіп, латын әліпбиіне көшу мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Ал 19 қарашада Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен Қазақ жаңа әліпбиінің Орталық Комитеті құрылып, төрағалыққа Н. Нұрмақов, мүшелікке Т. Шонанұлы, К. Тоқтабаев,

О. Жандосов, Ә. Байділдин, Ә. Ермаков, Ғ. Тоғжанов, Б. Малдыбаев сынды зиялы қауым өкілдері бекітілді [4, 2-б.]. Бұл тұста қазақ әліпбиін латындастыру оңай істердің қатарында болмағандығын тағы айта кеткен жөн. Себебі зиялы қауым арасында қарама-қайшылықтар және талқылаулардан кенде болмады. Мысалға, жазба тілі қалыптаспаған немесе жазу жүйесі болғанымен сол тілдің дыбыстық ерекшеліктерін толық қамти алмайтын әліпбилерді қолданып жүрген түркі халықтарын латын жазулы жүйеге өту дау-дамайсыз іске асырылды. Ал ана тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне, табиғатына сай араб әліпбиінен реформаланған, тілдік қажеттілікті толық өтей алатын төл әліпбиі бар қазақ халқында бұл мәселе үлкен айтыс-тартыс туғызды. Осындай талас-тартыстардың нағыз айғағы М. Мұрзин мен К. Тоқтабаевтың құрастырған «Жаңа әліппе жолында» [5], Ә. Байділдиннің құрастырған «Әліппе айтысы» [6], «Жаңа әліппе туралы. Әліппе сабағы» [7] және т.с.с. жинақы еңбектердің беттерінен көрініс тапты. Республикада латын әліпбиіне көшу жайлы үгіт-насихат шараларының ұлғаюы қазақ зиялылары арасындағы айтысты күшейте түсті. Араб жазуын қолданушылар «қазіргі қолданып жүрген әліпбиіміз ана тіліміздің ерекшеліктерін толық қамти алады, әрі осы жазумен жазба тіліміз қалыптасып қалды, осы жазумен жазылған көптеген әдеби-ғылыми құндылықтарымызбен кейінгі ұрпақ таныса алмайтын болады» деген сияқты т.б. ой-пікірлерін алға тартса, латын жазуын қолдаушы Т. Шонанұлы, Н. Төреқұлов, Ә. Ермаков, Ғ. Тоғжанов, Н. Нұрмақов, К. Тоқтабаев, О. Жандосов, Б. Малдыбаевтар «латын жазуын оқып-үйрену жеңіл, баспа ісінде қолдануға ыңғайлы, өркениетті елдердің бәрі латын әліпбиін қолданады» деген тәрізді т.б. дәлелдерін келтірді. «Латыншылар» мен «арабшылар» арасындағы айтыс қызған кезде бұл іске Қазақстан Компартиясы өлкелік Комитеті араласып билікті өз қолына алды [4, 3-б.].

Нәзір Төреқұлов (сурет №1), Телжан Шонанұлы (сурет №2), Ғаббас Тоғжанов және де басқа латындастыру мәселесімен айналысқан қазақ зиялы қауым өкілдері әліпби жобаларын ұсынып толыққанды зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Сурет №1



Нәзір Төреқұловтың жобасы

اۋوزى تۇسىشكىتى ۋوزى جەكل ۋوزى مچون

Aa	Bb	Pp	Tt	Dd	Rr
آ	ب	پ	ت	د	ر
Ss	Cc	Çç	Zz	Jj	Qq
ش	ج	چ	ز	ج	ق
Kk	Gg	Ğğ	Ll	Mm	Nn
ك	غ	گ	ل	م	ن
n	Oo	Uu	Wwv	Iiy	Ee
ن	اۋ	ۋ	ۋ	ي	ە
Ja	Xx	Ff	Hh		
ج	خ	ف	ھ		

دەليە كىچى

ۋوزى تۇسىشكىتى ۋوزى جەكل ۋوزى مچون

Aa	Bb	Pp	Tt	Dd	Rr	Ss	Cc	Çç
Zz	Jj	Qq	Kk	Gg	Gg	Ll	Mm	Nn
u	Oo	Uu	(Wwv)	Iiy	Ee	Ja	Xx	Ff
								Hh

جا = جاۋ = jav ; tav = تاۋ = tav ; saۋ = ساۋ = saۋ ; ay = اۋ = ay ; xay = خاۋ = xay ; جاي = جاي = jav

Сурет №2



Телжан Шонанұлының жобасы

Ә Л І П П Е .

Aa	Bb	Cc	Çç
Dd	Ee	Əə	Gg
Hh	Ii	Jj	Kk
Ll	Mm	Nn	Oo
Pp	Qq	Rr	Ss
Tt	Uu	Vv	Ww
Xx	Yy	Zz	

aa bb cc çç
dd ee əə gg
hh ii jj
kk ll mm nn
oo pp
qq rr ss tt
uu vv ww
xx yy zz

1929 жылы Қазақ АКСР өлкелік атқару Комитетінің IV Сессиясында латын әліпбиіне көшу туралы шешім қабылданды. Бүкіл Кеңестер Одағы бойынша Орталық атқару Комитеті Президиумының 1929 жылы 7 тамыздағы қаулысымен заңды түрде бекітілді (сурет №3). 1930 жылы 11 маусымда Қазақстанда Орталық атқару Комитетінің қаулысымен жаңа қазақ әліпбиінде бас әріптер бекітілсе, 1938 жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің және Қазақ Кеңестік халық комитетінің (ҚазСовнарком) қаулысымен әліпби құрамына жаңадан бес әріп (в, й, ф, ю, я)

қосылып, соған байланысты емлеге де толықтырулар енгізіліп, кейбір дыбыстардың таңбалары өзгерді.

Латын жазулы қазақ әліпбиінде сонымен барлығы 32 әріп болды [9]. Бес-алты жылға созылған үлкен айтыс-тартыспен, дау-дамаймен келген латын әліпбиі халқымызға он бір жылдай ғана уақыт қызмет етті.

Бұл аталған тарихи жайттар қазіргі таңда бастау алған қазақ тілін латындастыру жобасына үлкен септігін тигізери сөзсіз. Ескере кетер басты нәрсе, ол қазіргі кездегі латындастыру жұмысының тарихта қалған латындастыру мәселелерін зерттеу, талдау арқылы, латын әліпшесіне көше білген көршілес және де басқа түркі тілдес мемлекеттердің жасаған еңбектерін талдап, зерттеу арқылы жақсы бір әліпби жобасына қол жеткізу мүмкіншілігі болмақ.

Сурет №3. Қазақ тіліне қатысты қолданылған латын негізіндегі әліпби [8, 16-б.].

қазақтың жаңа әліпбесі

a	b	c	ç	d	e	ə
<i>a</i>	<i>b</i>	<i>c</i>	<i>ç</i>	<i>d</i>	<i>e</i>	<i>ə</i>
ا	ب	س	چ	د	ه	ا
g	q	h	i	j	k	l
<i>g</i>	<i>q</i>	<i>h</i>	<i>i</i>	<i>j</i>	<i>k</i>	<i>l</i>
گ	ق	ه	ی	ج	ک	ل
m	n	ñ	o	ö	p	q
<i>m</i>	<i>n</i>	<i>ñ</i>	<i>o</i>	<i>ö</i>	<i>p</i>	<i>q</i>
م	ن	ڭ	و	و	پ	ق
r	s	t	u	v	y	z
<i>r</i>	<i>s</i>	<i>t</i>	<i>u</i>	<i>v</i>	<i>y</i>	<i>z</i>
ر	س	ت	ۇ	ۋ	ۇ	ز

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs – Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты – «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (қыркүйек 2017 ж.).
2. Базарова В. В. Латинизация бурят-монгольской письменности в 1920-1930-е гг. Автореферат диссертации по культурологии, специальность ВАК РФ 24.00.01 – Улан-Удэ: ИПК ФГОУ ВПО ВСГАКИ, 2006. – 238 с.
3. Измайлов И., Каримов И. Бумеранг яналифа // Родина. – 1999. – № 11. – с. 17-18.
4. Ижанов З. Әліпби туралы архив не дейді? // Қазақ әдебиеті. – № 7. – 2000. – 2-3 б.
5. Тоқтабаев К., Мұрзин М. Жаңа әліппе жолында. – Қызылорда, 1927.
6. Әліппе айтысы. – Қызылорда, 1927. – 79 б.
7. Байділдин Ә. Жаңа әліппе туралы. – Қызылорда, 1928. – 203 б.
8. Асқарбекова Н.М., Замзаева Т.А. Латын графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогы (1928-1941). 1-бөлім. – Алматы, 2007. – 192 б. ISBN 9965-401-22-5.
9. Кеңесбаев І. Әліппе. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1940. – 50-б.

МАЗМҰНЫ

Абдраханов Д.М. ЛАТЫНДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХЫ.....	8
Алексеевко А.Н., Әубәкірова Ж.С. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: ТУУ МЕН ӨЛІМНІҢ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	13
Алиясова В.Н. XXI Ғ. СОҢЫ МЕН XX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰРАЖАЙ ІСІ.....	21
Алиясова В.Н. СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЛАРЫНЫҢ ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНА.....	27
Ғабитханұлы Қ. ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖАЗУ ТАРИХЫ.....	35
Далаева Т.Т. ҚАЗАҚ БОЛЫСТЫҚТАРЫНДАҒЫ САЙЛАУШЫЛАР: ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР (XIX Ғ. II ЖАРТ. -XX Ғ. БАСЫ).....	42
Исабеков Ж.Б., Мейрманова Г.А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	51
Қабдышев Б.Ж., Нұрғалым Қ.С. ҚАЗАҚСТАН ДЕРБЕС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....	57
Қалиев Ж.Н. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЛЫ.....	65
Қалшабаева Б.К., Қатият Қ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ БАЛА ТУУ, ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДСІНДЕГІ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ (Орталық Азия қазақтары материалдары бойынша).....	71
Кәрібаев С.У., Жүнісбаев С.М., Савин И.С. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАСТАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ЗЕРТТЕУ.....	79
Қозғамбаева Г.Б., Егізбаева М.Қ. ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ГЕОЛОГ – ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ.....	85
Қосанов С.Қ. Ш. МАРЖАНИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ.....	89
Күбаев Ш.С. ХАНТЕПЕДЕН ТАБЫЛҒАН ТЕРАКОТАНЫҢ ТҮСІНДІРМЕСІ ЖАЙЫНДА.....	95
Мәжиқызы Н., Сандықбаева Ө.Д., Арыстанбекова Қ.Д. НЫҒМЕТ МЫҢЖАНИ – ЭТНОГРАФ.....	104
Мейрманова Г.А. ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОЛӨНЕРГЕ ҚАТЫСТЫ МӘЛІМЕТ ЖИНАУДАҒЫ ПРИНЦИПТЕР МЕН ҰСТАНЫМДАР.....	109
Момынова Г.Т. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ТОПОНИМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	116
Мұсабалина Г.Т. XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ:РЕВИЗИЯ ТӘЖІРИБЕСІ.....	122

Нұрсұлтанова Л.Н., Санатова М.К. ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ АРАСЫНДАҒЫ САУДА -ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР.....	129
Нұртазина Н.Д. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ДІНИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	136
Озанов А.Қ. БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ БОС УАҚЫТЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ.....	140
Ошанов Ж.О. 1727-1732 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҒАР СОҒЫСТАРЫ.....	146
Сайынова Б. «ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ.....	160
Саркұлова С.Д., Берлібаев Е.Т. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ДІНИ МАЗМҰНДАҒЫ ҚАЗАҚ КІТАПТАРЫ.....	166
Сәрсен А.К. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ ЭТНОСАЯСАТТЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ.....	174
Сұлтанғалиева Г.С., Төлешова У.Ж. БЕРКІМБАЕВТАР ӘУЛЕТІ: ЗАУРЯД-ХОРУНЖИЙДЕН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ДВОРЯНЫНА ДЕЙІН.....	179
Уалтаева А.С. ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ КӨШУДІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ.....	185

СОДЕРЖАНИЕ

Абдраханов Д.М. ИСТОРИЯ ВОПРОСА ЛАТИНИЗАЦИИ.....	8
Алексеев А.Н., Аубакирова Ж.С. ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ТРЕНДЫ В КАЗАХСТАНЕ: РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ РОЖДАЕМОСТИ И СМЕРТНОСТИ.....	13
Алиясова В.Н. МУЗЕЙНОЕ ДЕЛО В СЕВЕРНОМ И ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX – ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВВ.....	21
Алиясова В.Н. К ИСТОРИИ ФОРМИРОВАНИЯ ПАЛЕОНТОЛОГИЧЕСКИХ КОЛЛЕКЦИЙ В КРАЕВЕДЧЕСКИХ МУЗЕЯХ СЕВЕРНОГО И ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	27
Габитханулы К. ИСТОРИЯ ПИСЬМЕННОСТИ КАЗАХОВ В КИТАЕ.....	35
Далаева Т.Т. ВЫБОРНЫЕ (ВЫБОРЩИКИ) В КАЗАХСКИХ ВОЛОСТЯХ (ВТ. ПОЛ. XIX В. – НАЧ. XX В.): ФУНКЦИИ И СПЕЦИФИКА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	42
Исабеков Ж.Б., Мейрманова Г.А. ИЗУЧЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ОДЕЖДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	51
Кабдушев Б.Ж., Нургалым К.С. ОСНОВОПОЛОЖНИК НЕЗАВИСИМОЙ ПРОКУРАТУРЫ КАЗАХСТАНА.....	57
Калиев Ж.Н. О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА.....	65
Калшабаева Б.К., Катият К. РЕЛИГИОЗНЫЕ ОБЫЧАИ, ОБРЯДЫ И ВЕРОВАНИЯ КАЗАХОВ ПРИ РОЖДЕНИИ И ВОСПИТАНИИ РЕБЕНКА (по материалам казахов Центральной Азии).....	71
Карибаев С.У., Джунусбаев С.М., Савин И.С. ИЗУЧЕНИЕ ГРАЖДАНСКОЙ И ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИФИКАЦИИ МОЛОДЕЖИ ЮЖНО- КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	79
Козгамбаева Г.Б., Егизбаева М.К. ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЕНЫЙ, ГЕОЛОГ КАНЫШ ИМАНТАЙУЛЫ САТБАЕВ.....	85
Кусанов С.К. МАРДЖАНИ И ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА.....	89
Кубаев Ш.С. К ИНТЕРПРЕТАЦИЙ ОДНОЙ ТЕРРАКОТЫ ИЗ ХАНТЕПА.....	95
Мажикызы Н., Сандыкбаева Ө.Д., Арыстанбекова К.Д. НИГМЕТ МЫНГЖАНИ – ЭТНОГРАФ.....	104
Мейрманова Г.А. ПРИНЦИПЫ СБОРА СВЕДЕНИЙ, КАСАЮЩИХСЯ РЕМЕСЕЛ КАЗАХОВ В ЭТНОГРАФИЧЕСКОМ ИССЛЕДОВАНИИ.....	109
Моминова Г.Т. НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТОПОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА.....	116
Мусабалина Г.Т. МЕСТНЫЕ ОРГАНЫ УПРАВЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА: ПРАКТИКА РЕВИЗИЙ.....	122

Нурсултанова Л.Н., Санатова М.К. ТОРГОВО - ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ЕВРОПЕЙСКИМ СОЮЗОМ.....	129
Нургазина Н.Д. ИЗУЧЕНИЕ РЕЛИГИОЗНЫХ ПЕРСОНАЛИЙ В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА.....	136
Озанов А.Қ. ДОСУГ И ИССЛЕДОВАНИЕ ДОСУГОВЫХ ПРАКТИК СТУДЕНТОВ.....	140
Ошанов Ж.О. КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ВОЙНЫ 1727-1732 ГГ.....	146
Сайынова Б. «МАТЕРИАЛЫ ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ...» КАК ИСТОЧНИК ПО ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА.....	160
Саркулова С.Д., Берлибаев Е.Т. КАЗАХСКИЕ КНИГИ ПО ИСТОРИИ И РЕЛИГИОЗНОМУ СОДЕРЖАНИЮ НАЧАЛА XX ВЕКА.....	166
Сарсен А.К. КУЛЬТУРА И ОБРАЗОВАНИЕ КАК ОСНОВЫ ЭТНОПОЛИТИКИ.....	174
Султангалиева Г.С., Тулешова У.Ж. ДИНАСТИЯ БЕРКИМБАЕВЫХ: ОТ ЗАУРЯД-ХОРУНЖЕГО ДО ДВОРЯНИНА РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ.....	179
Уалтаева А.С. ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПЕРЕХОДА НА ЛАТИНИЦУ.....	185

CONTENTS

Abdrakhanov D.M. THE HISTORY OF LATINIZATION.....	8
Alexseenko A.N., Aubakirova Zh.S. DEMOGRAPHIC TRENDS OF KAZAKHSTAN: REGIONAL FEATURES OF FERTILITY AND MORTALITY.....	13
Aliyassova V.N. MUSEUM WORK IN THE NORTH AND EAST KAZAKHSTAN FROM THE END OF THE 19TH – THE FIRST HALF OF THE 20TH CENTURY.....	21
Aliyassova V.N. TO THE HISTORY OF FORMATION OF PALEONTOLOGICAL COLLECTIONS IN THE LOCAL HISTORY MUSEUMS OF NORTH AND EASTERN KAZAKHSTAN.....	27
Gabitkhanuly. K. HISTORY OF KAZAKH WRITING IN CHINA.....	35
Dalayeva T.T. VYBORNYE (ELECTORS) IN THE KAZAKH'S VOLOSTS (the second half of XIX – the beginning of XX century): FUNCTIONS AND SPECIFIC ACTIVITY.....	42
Isabekov Zh.B., Meirmanova G.A. THE STUDY OF NATIONAL COSTUMES OF THE KAZAKH PEOPLE: HISTORIOGRAPHIC ANALYSIS.....	51
Kabdushev B.Zh., Nurgalym K.S. THE INDEPENDENT PROCECUTOR FOUNDER OF KAZAKHSTAN.....	57
Kaliev Zh.N. ABOUT THE ACTIVITIES OF THE ASSEMBLY OF PEOPLE OF KAZAKHSTAN.....	65
Kalshabayeva B.K., Katiyat K. RELIGIOUS CUSTOMS, RITES AND BELIEFS OF KAZAKHS AT BIRTH AND UPBRINGING OF A CHILD (based on the materials of the Kazakhs of Central Asia).....	71
Karibaev S.U., Junusbaev S.M., Savin I.S. STUDYING OF CIVIL AND ETHNIC IDENTIFICATION OF YOUTH OF THE SOUTH KAZAKHSTAN REGION.....	79
Kozghambayeva G.B., Yegizbaeva M.K. OUSTANDING GEOLOG VERSUS SCIENTIST KANYSH IMANTAEVICH SATBAYEV.....	85
Kusanov S.K. MARDZHANI AND HISTORY OF KAZAKHSTAN.....	89
Kubayev Sh.S. TO INTERPRETATION OF ONE TERRACOTTA FROM HANTEPE.....	95
Mazhikyzy N., Sandykbaeva U.D., Arystanbekova K.D. NYGMET MYNZHANI WAS AN ETHNOGRAPHER.....	104
Meirmanova G.A. PRINCIPLES AND PRINCIPLES IN EDUCATIONAL INFORMATION ON ETHNOGRAPHIC STUDIES.....	109
Mominova G.T. SOME PROBLEMS OF TOPONOMIC RESEARCH IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN.....	116
Mussabalina G.T. LOCAL GOVERNMENTS IN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE XIX CENTURY: PRACTICE OF REVISIONS.....	122
Nursultanova L.N., Sanatova M.K. TRADE AND ECONOMIC RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND THE EUROPEAN UNION.....	129

Nurtazina N.D.	
STUDY OF RELIGIOUS PERSONALITIES IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN.....	136
Ozanov A.K.	
LEISURE AND INVESTIGATION OF STUDENTS' LEISURE PRACTICES.....	140
Oshanov Zh.O.	
THE KAZAKH-JUNGAR WARS 1727-1732 YEARS.....	146
Saynova B.	
"MATERIALS ON KIRGIZ LAND USE ..." AS SOURCE ON THE ECONOMIC HISTORY OF KAZAKHSTAN.....	160
Sarkulova S.D., Berlibayev Y.T.	
KAZAKH BOOKS OF HISTORY AND RELIGIOUS CONTENT AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....	166
Sarsen A.K.	
CULTURE AND EDUCATION AS THE FOUNDATIONS OF ETHNOPOLITICS.....	174
Sultangalieva G.S., Tuleshova U.Zh.	
BERKIMBAYEV'S DYNASTY: FROM ZAURYAD-HORUNZHY TO THE NOBLEMAN OF THE RUSSIAN EMPIRE.....	179
Ualtayeva A.S.	
HISTORICAL ASPECTS OF THE TRANSITION TO THE LATIN ALPHABET.....	185

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы

2017. 4(12)

Бас редактор: Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2017.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй